

# БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

2024 ж. 9 ақпан

## 9 ақпанда KASE пре-маркет шеңберінде "Air Astana" АҚ жай акцияларымен сауда-саттықты іске қосты

2024 жылғы 09 ақпанда Астана қ. уақыты бойынша сағат 17:30-дан бастап (AST) брокерлік ұйымның өтініші бойынша KASE сауда-саттық жүйесінде пре-маркет шеңберінде "Эйр Астана" АҚ-ның KZ1C00004050 жай акцияларымен (KASE негізгі алаңы, "премиум" санаты, AIRA) сауда-саттық ашылады.

09 ақпанда сауда-саттық AST сағат 17:30-дан 22:00-ге дейін жүргізіледі.

2024 жылғы 12 ақпаннан бастап қор нарығындағы сауда-саттық регламентіне сәйкес аталған акциялармен сауда-саттық AST сағат 11:30-дан 17:30-ға дейін өткізіледі.

Аталған акциялармен KASE-дегі сауда-саттық "Қазақстан Халық банкінің еншілес ұйымы "Haluk Finance" АҚ бастамасымен ашылды.

"Эйр Астана" АҚ акцияларымен негізгі сауда-саттықтың KASE-де ашылу күні мен уақыты туралы қосымша хабарланады.

KASE Эмитенттің хабарламасына сәйкес бастапқы жария ұсыныс (IPO) шеңберінде KZ1C00004050 бір жай акциясының орналастыру бағасы бір акция үшін 1 073,83 теңге мөлшерінде белгіленгенін еске салады.

Пре-маркет шеңберіндегі сауда-саттық нәтижелері бойынша есеп айырысулар 2024 жылғы 14 ақпанда жүргізіледі.

### Анықтама үшін:

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржалары арасында екінші және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша төртінші орында.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары Федерациясының (FEAS), Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері биржаларының Халықаралық қауымдастығының (ТМД БХК), The Global Association of Central Counterparties (CCP Global) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Тұрақты қор биржалары" – Sustainable Stock Exchanges Initiative бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237-53-42, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz).